

Тағылымы мол саяхат

Бізді кураторымыз Сәуле Тулешқызы Қостанай қаласындағы Ішкі істер департаментінің мұражайына бардық. Біздер үшін бұл күн мәңгі есте қалмақ. Себебі, өзіміз жүрегімізбен қалап, болашағымызды байланыстырған мамандығымызға қатысты көптеген мәліметтерге қанықтық.

Қоғамның рухани, мәдени және ғылыми қажеттіліктерін қанағаттандыратын мұндай орындардың берері мол екендігі сөзсіз.

Қазақ халқының, оның ішінде Тобыл өңірінің тарихын, мол мұрасын оқып үйрену әр маманға, туған мекенін құрмет тұтатын әр азаматқа міндет. Облысымыздың тарихын білудің біздер үшін маңызы зор. Біз сонау көне дәуірден бастап, бүгінгі «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» тынысымен таныстық.

Мамандықты таңдау бүкіл ғұмырыңның ертеңін бағамдау екендігін жақсы түсінеміз. Сондықтан, облыстық Ішкі істер департаментінің мұражайын көруге асықтық.

Мұражайда бірнеше ғасырдан бергі полицияның құрылуы жайында сыр шертер көне заттар мен құнды жәдігерлер қойылған. Таңдаулы экспонаттар, тарихи тұлғалардың тағылымды өмір жолдарымен мұражайдың ғылыми қызметкерлері таныстырды. Таңдаулы экспонаттар, тарихи тұлғалардың тағылымды өмір жолдарымен мұражайдың ғылыми қызметкерлері таныстырды. Жәдігерлер Кенес дәуірі, Ұлы Отан соғысы жылдарын қамтып, құқық қорғау органдарында қылмыспен күрес жүргізген ардагерлерге арналыпты.

Саяхатты ұйымдастырушылардың айтуынша, жастарды мұнда шақырудың астарында үлкен тәрбиелік мән жатыр. Жастардың дені полиция мұражайындағы кездесулерден кейін ішкі істер органдарына қызығушылық танытады екен әрі жұмыстарына адал болуға да әсері бар.

Қымбат МЫРЗАТАЕВА
Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының
103 взвод тыңдаушысы